Павлодар облысының әкімдігі

«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ» мемлекеттік мекемесі

Акимат Павлодарской области

Государственное учреждение «УПРАВЛЕНИЕ ИНФОРМАЦИИ И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

2026 ж. 12.02

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 22

город Павлодар

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі 106-VIII Заңына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағының 28 тармақшасы негізге ала отырып, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, картридждерді толтыру жөніндегі қызметтерге, ақпараттық жүйеге қол жеткізуді ұсыну жөніндегі қызметтерге, компьютерлік/периферияльық ұйымдастыру техникасына/жабдықтарына және олардың бөліктеріне техникалық қызметтер бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынсын.

2. Осы Заңның 5-бабы 1 тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаларын сақтай отырып қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды бас маман - А. Байдосоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы **А. Сейдуманов**

002238